

«АЙҒАҚ»

ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА



28 маусым – бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің мерекесі қарсаңында 2020 жылғы 15 мамыр - 15 маусым аралығында Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен “TURKISTAN BAQ - 2020” байқауы ұйымдастырылған болатын.

Байқау шартына сәйкес, 23 маусым күні байқауға қатысқан үміткерлер еңбегін екшеген БАҚ кеңесінің мүшелері өзінің шешімін шығарды.

Бұл ретте “TURKISTAN BAQ - 2020” байқауының қорытындымен «Айғақ» телеарнасы қос бірдей номинацияның иегері атанды. Атап айтқанда, Әл-Фарабидің 1150 жылдығына орай, «Фараби феномені» тақырыбындағы және Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай, «Ұлы Абай» тақырыбындағы үздік деректі фильмі номинациясының жеңімпазы болды. Әріптестерімізге шығармашылық табыс тілей отырып, әрдайым марапат төрінен көрінуге тілектеспіз.

«Айғақ» - ақпарат.

Абайдың қара сөздері

ЖИЫРМА ТӨРТИНШІ ҚАРА СӨЗ

Жер жүзінде екі мың миллионнан көп артық адам бар, екі миллиондай қазақ бар. Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз. Үш миллионнан халқы артық дүниеде бір қала да бар, дүниенің бас-аяғын үш айналып көрген кісі толып жатыр. Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, өсек, қастық қалып, өнерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма екен? Әй, не болсын!.. Жүз қараға екі жүз кісі сұғын қадап жүр ғой, бірін-бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма?



№ 27

/sarsenbi/

01 shilde

2020 жыл

Gazet Qazaqstan Jýrnalistika Akademiasynyrń "Altyn Jýldyz", Qazaqstan Jýrnalister odaǵynyrń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy sylyqtarynyrń, "Altyn júrek" sylyǵynyrń iegeri

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

АЙҒАҚ MEDIA



Мемлекет басшысы коронавирус індетінің таралуына қарсы күрес шаралары жөнінде кеңес өткізді, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Бейне байланыс режимі арқылы өткізілген жиынға Үкімет мүшелері, бірқатар мемлекеттік органдардың басшылары, қалалар мен облыстардың әкімдері қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде дер кезінде жарияланған қатаң карантин шаралары уақыттан ұтып, эпидемияның қатты өршіп кетпеуіне мүмкіндік бергенін атап өтті. Өкінішке қарай, Төтенше жағдай режимі тоқтатылғаннан кейін барлық карантин шаралары босаңсып кетті.

– Биылғы 11 мамырда шектеулер алынғаннан кейін вирустың таралуы 7 есе өсті. Бұл көп жағдайда бірқатар мемлекеттік органдардың жұмысындағы кемшіліктерге байланысты болып отыр. Мемлекеттік басқару жүйесінің орталық және жергілікті органдары Төтенше жағдай режимі тоқтатқаннан кейінгі кезеңде тиімді жұмыс істеуге дайын болмағанын атап өту қажет. Ведомстваралық комиссия өзіне жүктелген міндетті атқаруға шамасы жетпеді. Мұны ашық мойындау керек. Денсаулық сақтау министрлігі орталық және жергілікті билік органдарының жұмысын үйлестіре алмады, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, жергілікті жерлерде тиісті жұмыстар дер кезінде атқарылмай, тиімділігі аз шаралардың қабылдануы салдарынан еңбек ұжымдарында, ірі өндіріс орындарында жаппай вирус жұқтыру ошақтары пайда болды. Атырау облысындағы Теңіз кен орны індет жұқтырудың орталығына айналды. Онда дертке шалдыққан 1222 адам тіркелді. Алматы қаласында тұрғындардың ғана емес, медицина қызметкерлерінің арасында да науқастанғандар өте көп. Елордадағы көптеген мекемелер карантин жағдайының өзінде санитарлық талаптарды сақтамаған. Өңірлердегі ауруханаларда науқастан жататын орынға, медицина кадрларына, дәрі-дәрмекке, медициналық құрал-жабдықтарға тапшылық қатты байқалады.

– Жұмысына салғырт қарағаны үшін Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгіновке, Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаевқа ескерту жасаймын. Шымкент қаласының әкімі М.Әйтеновке, Ақтөбе облысының әкімі О.Оразалинге, Павлодар облысының әкімі Ә.Сқақовқа және Ведомстваралық комиссияның төрағасы Е.Тогжановқа сөгіс жариялаймын. Атырау, Қостанай, Батыс Қазақстан облыстарының әкімдеріне өңірлердегі ахуалды реттеу қажеттігін ескертемін. Аталған мәселе барлық облыстың басшыларына да қатысты. Тиімді ақпараттық жұмыстың өз деңгейінде жүргізілмеуі де жағдайды ушықтыра түсуде. Біздің халықпен арадағы диалогымыз өз деңгейінде нәтиже бермеді. Ақпараттар легі теріс пікірлердің ықпалында кетіп, дәрігерлердің ерлікке пара-пар еңбектері көрінбей қалды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ПТР-ЛАБОРАТОРИЯЛАРДЫҢ САНЫ МЕН ҚУАТТЫЛЫҒЫ АРТАДЫ

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев лабораториялық зерттеулердің тиімділігін арттыруды, реагенттер мен жұмсалатын материалдардың үздіксіз жеткізілуін шешуді, ПТР-лабораториялардың саны мен қуаттылығын арттыруды тапсырды.

– Тұрғындардың лабораториялар маңындағы кезектің көптігіне, санитарлық нормалардың сақталмауына қатысты шағымдануы әділетті. Мұның бәрі тікелей ауру жұқтыру қаупін күшейтеді. Сондықтан,

ПРЕЗИДЕНТ БІРҚАТАР ӘКІМДЕРГЕ СӨГІС ЖАРИЯЛАДЫ



вирус жұқтырудың алдын алу және бір орталықтан таратуды қамтамасыз ету, сондай-ақ, есепке қою мақсатында ПТР сынамаларын тапсыруды онлайн жазылу немесе Call орталық арқылы жүргізу қажет. Індет ошақтарындағы жұмыстар үшін, әсіресе ауылдық жерлерде мобильді лабораторияларды ұйымдастыру және мобильді қызметті одан әрі дамыту үшін қаржы бөлу аса маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтарды қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіп, емдеудің маңыздылығын атап өтті. Осы ретте проблемаларды шешу үшін Үкімет пен өңірлердің әкімдеріне барлық қаржылық және инфрақұрылымдық ресурстарды жұмылдыру тапсырылды.

– Пандемияның екінші толқынын ескере отырып, шілденің соңына дейін жұқпалы дертке шалдыққандарға арналған төсек орындарын 50 пайызға арттыруды тапсырамын. Бұл үшін өңірлер барлық резервті, соның ішінде, жеке және ведомстволық медицина орталықтарын пайдалануы керек. Үкіметке дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету мәселесін бес күннің ішінде шешуді тапсырамын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік органдардың коронавирусқа қарсы күрес жөніндегі жүргізіп жатқан ақпараттық жұмыстарының маңыздылығын айрықша атап өтті. Оның айтуынша, бұл жұмыс бастапқы кезеңде жақсы ұйымдастырылды. Бірақ мемлекеттік органдар соңғы кезде бұл істі босаңсытып жібергендей әсер қалдырады.

– Әкімдер мен министрлер қарапайым халықпен байланыс орнатуды қойды. Олардың арыз-шағымдарына дер кезінде жауап бермейді. Сондықтан, тұрғындардың көпшілігі қайда барарын білмей, торығуда. Әкілетті қызмет орындарынан дұрыс жауап ала алмаған тұрғындардан шағымдар көп түсіп жатыр. www.coronavirus2020.kz сайтына қырық мыңға жуық сұрақ келіп түсті. Қазіргі таңда оның үштен біріне ғана жауап берілді. Мұндай қарым-қатынастың нәтижесінде теріс әрі жалған ақпараттар өршіп тұр. Бұл біздің жұмысымызды одан сайын қиындатуда, – деді Мемлекет басшысы.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ҚАТЫСТЫ ТӘСІЛДІ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТУ ҚАЖЕТ

Қазақстан Президенті ақпараттық жұмыстарға қатысты тәсілді түбегейлі өзгерту қажет екенін айтты. Жауапты тұлғалар өткізетін тұрақты брифингтерді жолға қойып, індет жұқтырған кездегі іс-әрекеттердің алгоритмі жөнінде халықты нақты әрі сапа-

лы ақпаратпен қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берді.

– Телеарналарда тікелей эфир арқылы дәрігерлерден кеңес алып, тұрғындардың сұрақтарына нақты жауап беретін бағдарламалар ұйымдастыруға не кедергі? Азаматтарға емделудің протоколы мен алгоритмін жеткізу керек. Дәрі-дәрмектер мен оны пайдалану жөнінде түсіндіру қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Әкімдер мен министрлерге бюджетті қайта қарау және конференция, дөңгелек үстел, салтанатты шаралар, консалтингтік және PR-қызмет секілді қажетсіз шығындардан бас тарту жөнінде тапсырма берілді. Бұл қаржының барлығы эпидемиямен нақты күреске бағытталуы керек. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы бағаны тұрақтандыруға, азаматтарды қажетті азық-түлікпен, жұмыспен қамтамасыз етуге, экономикалық белсенділікті арттыруға және цифрлық технологияны дамытуға қолдау көрсету қажеттігін атап өтті. Экономикалық өсімді қайта қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспар жүйелі әрі толыққанды орындалуы тиіс. Бұл мәселе әрбір әкімнің ерекше бақылауында болуы қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметті шұғыл шаралар қабылдаумен қатар, коронавирус пандемиясының ұзаққа созылуына дайын болуға шақырды. Осыған байланысты орта мерзімді перспективаға арналған Қазақстанның өмірі мен денсаулығын сақтау жөніндегі ұлттық жоспарын әзірлеуді тапсырды.

– Иә, бұл – қауіпті ауру. Оны емдейтін вакцина әлі жасалған жоқ. Бірақ оны қауіпті екен деп байбалам салып, үрейге бой алдырмау керек. Сондай-ақ, жөнсіз әрекетке барып, дәрігерлерге тіл тигізіп, санитарлық режимді бұзуға жол берілмейді. Ал, науқастанып қалғандар сарыуайымға, пессимизмге салынбағаны жөн. Ем алумен қатар, ағзаның күші, адамның көңіл-күйі оның құлантаза айығып кетуіне ықпал етеді. Денсаулық сақтау министрлігі және санитарлық дәрігерлердің ұсынымдары мен талаптарын естен шығармауды сұраймын. Мұның бәрі мемлекеттің ең басты игілігі – сіздердің, Қазақстан Республикасы азаматтарының өмірі мен денсаулығын қорғауға арналған, – деді Мемлекет басшысы.

Кеңес барысында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев, Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов сөз сөйледі.

Ақорда.

Тағайындау



Алексей ЦОЙ -

ҚР денсаулық сақтау министрі

Мемлекет басшысы Алексей Цойды ҚР денсаулық сақтау министрі қызметіне тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл туралы Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлайды.

«Алексей Владимирович Цой Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі болып тағайындалсын», — делінген Жарлық мәтінінде.

Данияр ЕСИН -

«Рухани жаңғыру» ҚҚДИ КеАҚ Басқармасының төрағасы

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрінің бұйрығымен «Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ Басқармасының төрағасы болып Данияр Есин тағайындалды. Ол 2019 жылдың маусымынан 2020 жылдың 26 маусымына дейін ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі қызметін атқарды.

2002 жылы ҚР Қаржы полициясы академиясын «Құқықтану» мамандығы бойынша тәмамдаған, 2013 жылы Қазақстан-Ресей университетінде «Экономика» мамандығы бойынша оқып шықты. 2016 жылы РФ Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясында «Заң» мамандығын оқып бітірді.



Қазіргі уақытта ҚМЭБИ университетінде жетекшілерге арналған Executive MBA (еркін оқу жүйесі, демалыс күндері) игеруде.

Еңбек жолын 1998 жылы Академияда бастады. 2007 жылдан бастап өртүрлі басшылық қызметтер атқарды.

Құрмет орденімен, «Астана қаласына 20 жыл», «Астананың 10 жылдығы», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл ордендерімен және елордамыздың дамуына қосқан үлесі үшін ҚР Президентінің алғыс хаттарымен марапатталған.

Сондай-ақ, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласады. «Дзюдо күресі федерациясы» ҚБ президенті.

БАЙМАХАНОВ - АКАДЕМИК АТАНДЫ

“А.Н. Сызғанов атындағы ҰҒХО” АҚ Басқарма төрағасы проф. Баймаханов Б.Б. ҚР ҰҒА Төралқасының шешімімен Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының Академигі болып сайланды.

«Айғақ» редакциясы Болатбек Бимендіұлын Ұлттық ғылым академиясының Академигі атануымен шын жүректен құттықтай отырып, кәсіби қызметіне толағай табыс, айтулы жетістіктер мен жаңа жеңістерді тілейді!



МИНИСТР АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНЫҢ ЖОБАСЫМЕН ТАНЫСТЫРДЫ

Аптаның алғашқы күні елордадағы Орталық коммуникациялар қызметінде Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваның халық алдында есеп беру кездесуі өтті, деп хабарлады министрлік сайтында.

А.Балаева Қазақстан Республикасында 2025 жылға дейінгі азаматтық қоғамды дамыту Тұжырымдамасының жобасы туралы айтып берді. Тұжырымдаманың басты мақсаты - саяси саналуандық, тиімді Жергілікті өзін-өзі басқару үшін жағдай жасау, азаматтық қоғам институттарының әлеуетін және Азаматтық бақылау тетіктерін нығайту.

Министр үкіметтік емес ұйымдар мемлекеттің сенімді өріптесіне айналғанын, олардың жұмысының арқасында Қазақстанда азаматтық қоғам табысты дамып келе жатқанын атап өтті.

Министр сондай-ақ, 2020-2022 жылдарға арналған ақпарат саласын дамытудың Ұлттық жоспары отандық БАҚ-тарды дамытуға үлкен серпін беретіндігін, осы бағдарламалық құжат аясында басылымдар мен арналарды қолдау тәсілдері өзгертіліп, мемлекеттік ақпараттық тапсырыс жүйесі қайта қаралатынын, салалық журналистиканың қарқынды дамуына негіз қаланаатынын атап өтті.

А. Балаева жуық арада ел халқының 90,9%-ы сандық телевидениемен қамтылатынын, ал карантиннен кейінгі кезеңде БАҚ-ты қолдау мақсатында коммерциялық теле-радиоарналар жарты жылға аналогтық және эфирлік цифрлық телерадио хабарларын тарату қызметіне ақы төлеуден босатылғанын айтты.

Елорда.

ҰҒА ҒАЛЫМДАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

ҚР Ұлттық ғылым академиясының Жарғысы мен Төралқа шешіміне сәйкес, 2020 жылы 26 маусымда ҚР ҰҒА Жалпы жиналыс сессиясында 2017 жылдан бері босаған орындарға (вакансия) ҚР ҰҒА корреспондент-мүшелері мен толық мүшелерінің (академик) кезекті сайлауы өтті.

Жарияланған 25 бос орынға 24 корреспондент-мүше жасырын дауыс беру арқылы сайланды. Конкурс жоғары болды – 1 орынға 4-5 үміткер сайлауға түсті. Сайлау қорытындысы бойынша ҚР ҰҒА құрамы еліміздің төмендегі жетекші ғалымдарымен толықты:

ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА БӨЛІМШЕСІ БОЙЫНША		
I. Корреспондент-мүшелер:		
1.	Амиргалиев Еділхан Несіпханович	Информатика
2.	Джумагулова Карлығаш Нурмановна	Физика
3.	Ихсанов Ерсаян Валитханович	Механика
4.	Копеев Кайрат Темірбаевич	Информатика
5.	Тулешов Аманжол Қуатович	Механика
6.	Уалиев Заир Гахипович	Механика
II. Академиктер:		
7.	Аубакиров Токтар Оңғарбаевич	Математика
8.	Давлетов Аскар Ербуланович	Физика
9.	Мусабаев Талғат Амангелдіевич	Физика
10.	Мырзакулов Ратбай	Физика
11.	Умарбаев Уалбай Утмаханбетович	Математика
ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР БӨЛІМШЕСІ БОЙЫНША		
I. Корреспондент-мүшелер:		
12.	Абетов Ауэз Егембердіевич	Геология
13.	Юсупов Хамидилла Абенович	Тау-кен ісі
II. Академиктер:		
14.	Абсаметов Малис Кудысович	Геология
ХИМИЯ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАР БӨЛІМШЕСІ БОЙЫНША		
I. Корреспондент-мүшелер:		
15.	Буркеев Мейрам Жунусович	Химия
16.	Газалиева Меруерт Арстановна	Жаңа материалдар технологиясы
17.	Нухулы Алтынбек	Химия
18.	Сейтжанов Серикжан	Химиялық технология
19.	Телтаев Бағдат Бурханбайұлы	Жаңа материалдар технологиясы
II. Академиктер:		
20.	Бисенов Қылышбай Алдабергенович	Жаңа материалдар технологиясы
21.	Кулажанов Талғат Куралбекович	Жаңа материалдар технологиясы (тағам өнеркәсібі)
22.	Тулесов Борап Игликович	Жаңа материалдар технологиясы
23.	Фазылов Серик Драхметович	Химиялық технология
АГРАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БӨЛІМШЕСІ БОЙЫНША		
I. Корреспондент-мүшелер:		
24.	Канжигитов Еркінбек Канбекович	Ветеринария
25.	Орынбаев Мұхит Бармакулы	Ветеринария
26.	Оспанов Серик Рапильбекович	Малшаруашылығы
27.	Рахымбеков Төлеутай Сатаевич	Агроөнеркәсіптік кешен экономикасы
II. Академиктер:		
28.	Айтбаев Теміржан Еркесович	Агрохимия
29.	Есполов Айдос Тлектесович	Агроөнеркәсіптік кешен экономикасы
30.	Кененбаев Серик Барменбекович	Өсімдік шаруашылығы
31.	Куришбаев Ахылбек Кажигулович	Топырақтану
32.	Сапаров Абдулла	Агрохимия
33.	Шабдрабасва Гульнар Сабыровна	Ветеринария
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМДАРЫ БӨЛІМШЕСІ БОЙЫНША		
I. Корреспондент-мүшелер:		
34.	Абдрасилов Болатбек Серикбаевич	Биология
35.	Нургожин Талғат Сейтжанович	Медицина
36.	Рамаңкулов Ерлан Мархайдарович	Биология
37.	Тулесуханов Султан	Биология
II. Академиктер:		
38.	Баймаханов Болатбек Бимендіевич	Медицина
39.	Батпенов Нурлан Джумагулович	Медицина (геронтология, хирургия)
40.	Бенберия Валерий Васильевич	Медицина (геронтология, хирургия)
41.	Заядан Болатхан Казыханұлы	Биология
42.	Локшин Вячеслав Нотанович	Медицина
43.	Шайдаров Мажит Зейнуллович	Медицина
ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БӨЛІМШЕСІ БОЙЫНША		
I. Корреспондент-мүшелер:		
44.	Бижанов Ахан Хусанович	Саясаттану
45.	Кабульдинов Зиябек Ермуханович	Тарих
46.	Матыжанов Кенжетхан Слямжанович	Әдебиеттану
II. Академиктер:		
47.	Абылкасымова Айна Есімбековна	Педагогика
48.	Ахметова Гульнас Кенжетасвна	Педагогика
49.	Аяшев Оналбай	Педагогика
50.	Базарбаева Зейнеп Муслимовна	Шет тілдері филологиясы
51.	Дербасали Абсаттар	Шығыстану
52.	Карибасев Берекет Бахытжанович	Тарих
53.	Курманалиев Каримбек Арыстанбекович	Шет тілдері филологиясы
54.	Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрауұлы	Құқықтану
55.	Құрманбайұлы Шерубай	Тіл білімі
56.	Қыдырәлі Дархан Қуандықұлы	Тарих
57.	Нурманбетова Джамиля Нусупжановна	Философия
58.	Омаров Бауыржан Жұмаханұлы	Шығыстану
59.	Сейдуманов Серик Турарович	Әлеуметтану
60.	Таймағамбетов Жәкен Кожахметович	Тарих
61.	Шаукенова Зарема Каукенова	Саясаттану

ҚАЗАҚСТАНДА ЕКІ ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК ТЕЛЕАРНА ІСКЕ ҚОСЫЛМАҚ

Қазақстанда екі жаңа мемлекеттік телеарна іске қосылады.

“Абай ТВ” телеарнасы күні кеше, яғни 30 маусым күні іске қосылды.

Ол “Қазақстан” ТРК құрамына кіреді және отандық мәдениеттің байлығы мен мұрасына арналған жаңа тауашалық арна болады.

“Әл-Фараби” арнасы - “Хабар” агенттігінің базасында оқу жылының басында іске қосылады.

“Әл-Фараби” арнасы 6 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер аудиториясы бар жаңа білім беру-ағарту телевизиялық платформасына айналады.

«Айғақ»-ақпарат.



Бұл аптада кімдер туылған?

07.07.1945 ж.
Сергей Харченко
социология ғылымдарының докторы, профессор, академик

07.07.1967 ж.
Нұралы Әбішев
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, «Агро V» ЖШС-нің директоры

АЙМАҚ БАСШЫСЫ МЫРЗАШӨЛДІКТЕРДІҢ ТЫНЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мырзашөл аймағы Түркістан облысында халқы тығыз шоғырланған аграрлы аймағы. Мұнда ауылшаруашылығының егіншілік саласы мықтап қолға алынған. Бір жылда бір жерден екі рет өнім алу мырзашөлдік ағайын үшін таптырмас мүмкіндік. Ауа райының қолайлығы мұндай жұмыс атқаруға тіпті тиімді. Өткен аптада Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев Мақтаарал ауданында іссапармен барып ең алдымен «Сабыр» шаруа қожалығының дәл осы бір жерден екі өнім алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстарымен танысты. Дикандар қыстың қақ ортасында 12,2 гектар жерге қырыққабат егіп, ерте көктемде 305 тонна өнім алған. Енді дәл сол жерге шаруалар қауын, дөңдік жүгері егіп, тағы да 310 тоннаға жуық өнім алуды жоспарлап отыр.

Одан соң аймақ басшысы КХ-78 облыстық тас жолы бойындағы көпірдің жағдайын бақылады. Сондай-ақ, «Қазсушар» РМК, Достық каналының уәкілдері мен су қауымдастықтарының басшылары және шаруалармен кездесті. Қазіргі таңда онда 16,4 шақырымға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Онда 6 шақырым ресайклерлеу, 11 шақырым асфальт салу жұмыстары атқарылған.

Өмірзақ Естайұлы Жетісай ауданына сапары барысында өңірдегі ауылшаруашылық және жол жөндеу саласындағы бірқатар атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Ең әуелі Жетісай



қаласына қарасты ұзындығы 1,68 шақырымды құрайтын С.Қожанов көшесін орта жөндеу жұмыстарын тексерді. Аталған көшенің ені 16 метрге кеңейтіліп, төрт жолақты

жол болып салынады. Сондай-ақ, көшеге жарықтандыру бағаналары мен жиектеме тастар орнату

жұмыстары жүргізіледі. Облыс басшысының наза-

рынан ұзындығы 19,9 шақырымды құрайтын облыстық маңызы бар «КХ-86 «Жетісай-Мақталы» автомобиль жолын орта жөндеуден өткізу жұмыстары да тыс қалған жоқ. Нысанның жөндеу жұмыстары 2021 жылға өтпелі.

Кейін облыс басшысы «Камильжон» шаруа қожалығына аялдады. Блнтымақ ауылында орналасқан кәсіпорын 1996 жылы құрылған. Қазіргі таңда 71 гектар аумақты алып жатқан шаруа қожалықта 10 адам тұрақты түрде жұмыс істейді. 2020 жылы егілген ауыл шаруашылығы дақылдары мақта, болгар бұрышы, қырыққабат. Екінші өнімге қауын, қарбыз, маш және күздік қырыққабат дақылын егуді көздеп отыр.

Жұмыс сапарының соңында облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев Жетісай ауданының Ш.Ділдәбеков ауылдық округінде орналасқан Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы машиналық каналға барды. Каналға 13, 523 млрд теңге жұмсалып, 2011 жылы салынған болатын. Канал 86,7 мың гектар егістік алқапты ағын сумен қамтамасыз етуге қауқарлы.

Аймақ басшысы шаруалармен кездесіп, жалпы шаруалардың сусыз қалмау керектігін ескертті. Жергілікті шаруаларға машиналық әдіспен суарудың үлесі зор екендігін жеткізді.

КӘСІПКЕРЛІККЕ ОҚЫТУ КӘСІП АШУҒА ЖОЛ БАСТАЙДЫ



Кәсіпкерлік саласын дамыту еліміздің ішкі экономикалық тұрақтылыққа алып келеді. Ал шағын және орта бизнесті дамыту ел экономикасының өркендеуіне кеңінен жол ашады. Бүгінде мемлекет тарапынан бұл саланың кеңінен құлаш жаюына қолдау көрсетілеуде. Соның арқасында соңғы жылдары шағын бизнес иелерінің саны артқан. Биыл да елімізде орын алған карантиндік шараларға қарамастан өз кәсібін ашамын деушілерге қолдау көрсетілуде. Бұл өз кезегінде азаматтардың әлеуметтік әлеуетін



арттырады. Түркістан облысында «Atameken Academy» платформа-сында «Бастау» жобасымен онлайн режимде кәсіпкерлерлікке оқыту басталды. Облыстың 16 ауданы бойынша қатысушыларға Палатаның 14 бизнес-тренерлері кәсіпкерлік негіздерін үйретіп, кеңес береді. Биыл облыс бойынша 3100 адамды оқыту жоспарланған. Онлайн оқыту 5 кезеңнен өтетін болады. Бұл туралы Түркістан облысы Кәсіпкерлер палатасы баспасөз қызметі мәлімдеді.

«Бірінші кезеңде Atameken Academy және

Openstudy.kz сайттарында тіркелген қатысушылар әр топқа бөлініп, 12 модуль бойынша 50 бейне-сабақты игеріп, 12 тестіден өтеді. Кәсіпкерлік негіздері жөніндегі курс аяқталған соң, атап айтқанда әлеуетті жобалардан бастап, бизнесті әлеуметтік желілер арқылы ілгерілету, мерчендайзер негіздері, қаржылық сауаттылық, жобаларға инвестиция тартуға дейінгі және басқа да бағыттарда өз білімдерін арттыратын болады», - деді облыстық Кәсіпкерлер палатасы баспасөз хатшысы Айкөз Сыздықова.

Курсты тиімді қабылдау мақсатында бейнесабақтар, слайдтар, таныстырылымдар, сонымен қатар, салалық сарапшылардың қатысуымен вебинарлар, технолог мамандардың қатысуымен шеберлік сабақтар қарастырылған. Әр жаңа тақырыптың аяқталуына өзіндік жұмысымен тиянақталады. Жеке қабілетті сынау үшін онлайн-скоринг қарастырылған.

Әр туындаған мәселе бойынша қатысушы өз бизнес-тренеріне жүгіне алады.

Биылғы жылы жобаны жүзеге асырудың ерекшелігі, Бизнес-тренерлердің қолдауы тек түлектердің бизнес-жобаларын қаржыландырумен шектелмейді. Бизнес-тренерлер мен Кәсіпкерлер палатасы тыңдаушылардың жобаларын өндірістік-өткізу тізбектеріне орналастыру үшін сүйемелдейтін болады. Бұл дегеніміз кәсіпкерлер өз өнімдерін немесе қызметтерін қайда өткізетінін ойлап, алаңдамайтын болады.

Қазіргі таңда жобаның бизнес-жаттықтырушылары әр ауданның ерекшелігіне сәйкес аймақтарда нарықтық зерттеулер өткізіп, «Бастау» жобасының түлектерімен әрі қарай ынтымақтастық орнату үшін 50-ден астам кәсіпорынмен келіссөздер жүргізді. Жобаға қатысып, толық ақпарат алу үшін 8701-794-25-49 нөміріне хабарласуға болады.

ӨЗБЕКСТАН ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДА ТІГІН ФАБРИКАСЫН САЛУҒА НИЕТТІ

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев Өзбекстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен келген делегациясымен кездесті. Басқосу барысында екі тарап Түркістан қаласындағы индустриалды аймақта тігін фабрикасын салу мәселесін көтерді. Нәтижесінде облыс орталығында жаңа кәсіпорын ашылып, 1200 адам жұмыспен қамтылмақ. Инвестиция тарту - ел экономикасына қомақты пайда алып келеді. Біріншіден экономикамыздың өсуіне жол ашса, екіншіден жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға сеп болмақ.

«Елбасының Жарлығымен Түркістан облысы құрылған болатын. Биыл Түркістан облыс мәртебесіне ие болғанына 2 жыл. Киелі шаһарға туристерді тарту үшін көп жұмыс атқарылуда. Түркістанның дамуына мемлекет тарапынан да ерекше көңіл бөлініп келеді. Қаланың инфрақұрылымын жаңарту, жаңа инвестициялар тарту және туризм саласын жедел дамыту бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр», - деді Өмірзақ Шөкеев.

Өз кезегінде Өзбекстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, Төтенше жағдайлар министрі Турсинхан Худайбергенов тігін цехын ашып, табысы төмен және мүмкіндігі шектеулі әйелдер мен қыз-келіншектерді жұмысқа қабылдауды жоспарлап отыр. Тігін фабрикасында костюм, сырт киім мен спорт киімдері тігілетін болады. Алғашқы инвестицияны Өзбекстан мемлекеті салып, мамандары өз тәжірибесімен бөлісетіндігін жеткізді.

Қонақтар іссапар барысында қалаға кіреберісте бой көтерген әлемдегі озық тәжірибелерді ұштастыратын мешіт құрылысының басында болды. Сәулеті ерекше Ислам орталығының ішкі және сыртқы безендірілуі шығыстың нақышта жүргізілімек. Бірегей жобаға Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев қолдау көрсетіп отыр.

Өзбекстан Республикасынан келген делегация өкілдері құрылыс алаңдарын аралап, шаһардың ерекше көркіне қызығушылықтарын білдірді.

Бетті жинақтаған: Салтанат ТОЙБОЛОВА.

Шымкентте «Халық алғысы» медалі табысталды




Шымкент қаласында коронавирустық инфекциямен күресте ерекше көзге түскен 10 адам «Халық алғысы» медаліне лайық деп танылды. Ондықтың қатарында полицейлер мен дәрігерлер, кәсіпкерлер мен еріктілер бар.

Оларды бүгін Шымкент қаласы әкімдігінде өткен “BIZ BIRGEMIZ” онлайн-форумы аясында қала басшысы Мұрат Әйтенов марапаттады. Онлайн-форум барысында қатысушылар Президенттің бейнеүндеуін тыңдады. Одан кейін еліміздегі пандемиямен күрес тарихы туралы қысқаша бейнебаян көрсетілді.

Сонымен қатар, жиында қоғамның белсенділері сөз алып, өз алғыстарын да жеткізді.

«Халық алғысы» медалін алғандар:

1. **Әлімбаева Эльмира** - *Жедел медициналық жәрдем станциясының дәрігері*
2. **Байсақалова Әлия** - *Жұқпалы аурулар ауруханасының бас медбикесі*
3. **Ағабекова Гүлжан** - *«Мейірім» оңалту орталығының дәрігері*
4. **Бұхарбаев Мұхтар** - *Полиция департаментінің командирі*
5. **Ходжанов Руслан** – *полиция инспекторы*
6. **Бабаханов Мадияр** - *№35748 әскери бөлімінің қызметкері*
7. **Ахметова Мейзкүл** – *Әлеуметтік бейімдеу орталығының қызметкері*
8. **Наимбекова Айжан** - *«GraMad Retail» ЖШС-ның бас директоры*
9. **Қуанышбаева Гүлсара** - *«Оңтүстік» телеканалының бас редакторы*
10. **Ким Евгения** – *ерікті*



телеком», «ТрансТелеКом» АҚ директорлары және ұялы байланыс операторларымен кезекті онлайн жиналыс өткізді. Онда Цифрландыру басқармасы басшысының міндетін атқарушы Д.Әлібеков қаланы сапалы интернетпен қамтамасыз етудің 2020-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарымен таныстырды. Оның айтуынша, базалық станция орнату үшін қала аумағынан 11 жер телімі анықталып, Google maps картасында белгіленген. Олар Н. Назарбаев даңғылы, Аргынбеков пен Айша бибі көшесінде, Қайтпас, Шымсити-Асар қиылысы, Қайнарбұлақ шағын ауданы, Асар шағын ауданындағы ішкі айналма жолы, Шымкент-Алматы тас жолынан Достық шағын ауданы бағытына қарай, Төлеметов-

11 байланыс станциясы орнатылды

Шымкент қаласының әкімі М.Әйтенов қаланы сапалы интернетпен қамту мәселелері бойынша зерделеу жұмыстарын жүргізетін жұмысшы топ құру, тұрғындарды сапалы интернетпен қамтамасыз ету үшін байланыс операторларымен меморандум түзу, «Ақылды күнбағыс» ақпараттық-танымдық кешенінің қызметін күшейту және санын арттыру, орнатылған базалық станциялардың адам өміріне қауіпсіздігі жөнінде тұрғындар арасында кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қаралған. Еліміздің цифрлық даму жолында интернет мәселесінің басты назарда екенін айтқан қала басшысы мегаполисті сапалы интернетпен қамтамасыз ету – бүгінгі күннің басты талабы екенін жеткізіп, салалық қала әкімінің орынбасарына стратегиялық жоспардың орындалуын қатаң бақылауды тапсырды. Себебі, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы негізінде жүзеге асырылып отырған жұмыстар ғаламтор сапасына тікелей байланысты.

Денсаулық сақтау саласын дамытудың бес жылдық жоспары ұсынылды

Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтеновтің төрағалығымен денсаулық сақтау жүйесін дамыту перспективалары бойынша жиын болып өтті.

Онда қалалық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Р.Албаев 2020-2025 жылдарға арналған денсаулық сақтау саласын дамыту жоспарын ұсынды.

Бес жылдық даму жоспары негізгі 4 бағыт бойынша жүргізіледі. Олар: медициналық көмек көрсетуді жетілдіру, кадрлық ресурстарды дамыту, қоғамдық денсаулық сақтау қызметін жетілдіру және денсаулық

сақтау ұйымдарының инфрақұрылымын дамыту.

«Нәтижесінде: өмір сүру ұзақтығы 75 жасқа дейін артады; ана өлімі 25,3 пайыздан 7 пайызға дейін төмендейді; бала өлімі 8,7-ден 6,9 пайызға төмендейді; жеке инвестициялардың үлесі 25%-ға дейін ұлғаяды; инсульт орталығының саны 4-ке жетеді; мекемелер 100 пайыз цифрландырылады» - деді Р.Албаев.

Сондай-ақ, медицина ұйымдарымен меморандум жасалып, барлық индикаторлар бойынша бағалау жүргізуге, ұйымдарды

бақылап отыруға мүмкіндік болатынын жеткізді.

Жоспарда - онлайн дәрігерлік кеңес беруді дамыту және халықтың денсаулық мәселелері бойынша сауаттылық деңгейін арттыру мақсатында мобильді қосымшаларды пайдалану назарға алынған.

Жиын соңында сөз алған Мұрат Дүйсенбекұлы: «Жоспарда айтылғанның барлығын іске асыруға мүмкіндік бар. Денсаулық саласына жеткілікті қаржы бөлінеді. Медициналық көмектің сапасы мен оның қол жетімділігіне баса назар аудару қажет. Сонымен қатар, халыққа профилактика, түсіндірме жұмыстары көптеп жүргізілсін. Жұмыстарды көрсетілген мерзімнен ерте аяқтауды тапсырамын» - деді.

Шымкент қаласы әкімінің баспасөз қызметі

51 емханадан қосымша күндізгі стационарлар ашылды

Шымкентте инфекциялық аурумен ауырып жатқан науқастарды емдеу үшін 26 мемлекеттік емханада 314 орындық күндізгі стационар ашылды. Одан бөлек, 25 жекеменшік емдеу орталықтарында 314 орындық күндізгі стационар жұмыс істеуде. Осы орайда қала тұрғындарына күндізгі стационарлардың мекен жайын ұсынамыз, деп хабарлайды Шымкент ақпараттық-ақпараттық коммуникациялық орталығы.

Мемлекеттік емханада ашылған күндізгі стационарлар:

1. №1 Шымкент қалалық емхана (Жандосов көшесі №92а) 20 орын;
2. №2 қалалық емхана (Абай даңғылы №24; Абай даңғылы №35) 27 орын;
3. №3 қалалық емхана (Таскен) (Нұрсәт м.а. №190) 35 орын;
4. №4 қалалық емхана (Володар көшесі №11) 20 орын;
5. №5 қалалық емхана («Қаражол») (Сайрам көшесі №192б) 12 орын;
6. №6 қалалық емхана (Самал–3 м.а., Әл Фараби көшесі №230) 20 орын;
7. №7 қалалық емхана (Оңтүстік м.а. 8/1) 8 орын;
8. №7 қалалық емхана («Қазығұрт») (Керуен көшесі, нөмірсіз) 4 орын;
9. №7 қалалық емхана («Бадам») (Парыз көшесі, нөмірсіз) 2 орын;
10. №7 қалалық емхана («Қарабастау») (Ж.Қамбарұлы көшесі, нөмірсіз) 2 орын;
11. №8 қалалық емхана 10 орын;
12. №9 қалалық емхана (Коммунизм) (Жиделібайсын көшесі, нөмірсіз) 20 орын;
13. №9 қалалық емхана (Жаңаталап) (Айдарқұлов көшесі, нөмірсіз) 16 орын;
14. №9 қалалық емхана (Тұрлан) (Мектеп көшесі, нөмірсіз) 8 орын;
15. №10 қалалық емхана (Қайтпас–1 м.а., Амангелді көшесі №53/1) 30 орын;
16. №11 қалалық емхана (Қазығұрт) (Құрылыс көшесі №26) 6 орын;
17. №11 қалалық емхана (Сәуле) (Жабиев көшесі, нөмірсіз) 4 орын;
18. №11 қалалық емхана (Ақжар) (Ақжар көшесі, нөмірсіз) 3 орын;
19. №11 қалалық емхана (Ақтас) (Ақтас көшесі, нөмірсіз) 2 орын;
20. №12 қалалық емхана (Исфиджаб) (ж/м Сайрам көшесі №3д 275) 5 орын;

21. №12 қалалық емхана (Қаратөбе) (ж/м Қаратөбе көшесі №3д 93) 21 орын;
22. №12 қалалық емхана (Өтеміс) (ж/м Өтеміс, Жыңғылды көшесі №3д 26) 2 орын;
23. №12 қалалық емхана (Шапырашты) (ж/м Шапырашты, Құндызды көшесі №3д 16) 2 орын;
24. №12 қалалық емхана (реанимация) (ж/м Сайрам, Ю.Нишанбаев көшесі уч. 715) 10 орын;
25. №13 қалалық емхана (Республика даңғылы №10а) 15 орын;
26. №2 қалалық аурухана (Жібек жолы көшесі №50) 10 орын.

Бұл мемлекеттік емханадағы күндізгі стационарларда 39 дәрігер, 58 медбике демалыссыз қызмет көрсетуде. Жұмыс уақыты – сағат 08:00 мен 20:00 аралығы. Айта кетейік, науқастар тіркелген емхана-сы бойынша тегін емделеді.

Ендігі кезекте жекеменшік күндізгі стационарлардың мекен жайын көрсетейік.

1. №14 Емдеу орталығы (Аймауытов көшесі №122) 15 орын;
2. Р.Қуандық (Диваев көшесі №47) 20 орын;
3. Невро Мед (Нұрсәт м.а.№33/1) 10 орын;
4. «Медикус орталық» клиникасы (2) (Аймауытов к. №120, Диваев к. №129) 80 орын;
5. Эскулап Вита (Сайрам көшесі №198б) 10 орын;
6. Верум кз (Сырым батыр көшесі №2/18) 10 орын;
7. Рай Мед (Тассай м.а. Әл Фараби №1а) 15 орын;
8. Д.Орынбай м.о. (Алдияров № 60г) 18 орын;
9. Сымбат Нұр (2) (Иляев көшесі №105, Сырым батыр к. №118а) 10 орын;
10. СВА Интергитч (Қазыбек би көшесі №24) 8 орын (жексенбі демалыс);
11. Меди-Ар (Восток м.а.№ 67д) 5 орын (жексенбі демалыс);
12. Шымкент Медикал Сервис (Ерманов көшесі №11) 9 орын;
13. Темір Сервис (Аргынбеков көшесі №2д) 6 орын;
14. ЦСЗ Аружан (2) (Нұрсәт м.а. №68,

- Темірлан ш. №16, 2-корпус) 3 орын;
15. Сұңқар Атырау (Қазақстан №1а) 5 орын (жексенбі демалыс);
 16. Алинур и К (2) (Назарбеков көшесі №38/12, Нұрсәт м.а. №105/1) 7 орын;
 17. ПК Чапаев (М.Өзтүрік көшесі, №35г) 10 орын (жексенбі демалыс);
 18. Медикер Ю.К. (Бейбітшілік көшесі №2б) 5 орын;
 19. Дау Мед (Абай даңғылы №4/6) 5 орын (жексенбі демалыс);
 20. Атамекен (Нұртас м.а., Құлагер көшесі №194) 15 орын;
 21. Альфа Мед (Тәуке хан даңғылы №146) 3 орын;
 22. Омарәлі (Нұрсәт м.а., Астана даңғылы №72) 8 орын;
 23. Ай Нұры (Б.Момышұлы №21а) 20 орын (жексенбі демалыс);
 24. МФК Хаят (ж.м. Сайрам, Әл Фараби көшесі №13/2) 2 орын;
 25. Мод и Компания (Аргынбеков көшесі №24б) 15 орын (жексенбі демалыс).

ИНФОРМАЦИЯ по CALL центру ССМП

№	Регион	Наличие CALL центра	Контактные телефоны CALL центров
1	Акимолнская	при Областной клинической больнице	8-7162 72-32-86
2	Актюбинская	при Управлении администрации Актюбинской области	8-7132 90-70-70
3	Алматинская	при Областной клинической больнице	8-7282 41-21-31
4	Атырауская	при Управлении администрации Атырауской области	8-7122 98-02-92
5	ВКО	при Восточной Казахстанской Областной больнице	8-7232 70-11-31
6	Жамбылская	при Областной клинической больнице	8-7262 43-76-78
7	ЗКО	при Областной клинической больнице	8-7112 51-82-55
8	Карагандинская	при Областной клинической больнице	8-7212 56-60-10
9	Костанайская	при Областной клинической больнице	8-7142 26-53-82
10	Кызылординская	при Областной клинической больнице	8-7242 40-00-01
11	Мангистауская	при Областной клинической больнице	8-7292 31-75-55
12	Павлодарская	при Управлении администрации Павлодарской области	8-7187 67-52-08
13	СКО	при Управлении администрации Северо-Казахстанской области	8-7152 52-50-59, 46-00-08
14	Туркестанская	при Управлении администрации Туркестанской области	109
15	г. Алматы	нет	8-727 3000-103
16	г. Шымкент	при Городской клинической больнице	8-7252 53-91-14, 103
17	г. Нур-Султан	при Городской клинической больнице	8-7172 70-51-03



Шымкентте «109» бірыңғай байланыс орталығы іске қосылды

Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтеновтің тапсырмасына сәйкес, азаматтарға қызмет көрсету деңгейін арттыру мақсатында «iKomek» орталығы ашылды.

Тұрғындар тәулік бойы «109» бірыңғай байланыс нөміріне тұрғынүй коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау, қоғамдық көлік, көшелерді тазалау, жол қозғалысы сынды мәселелермен қоңырау шала алады.

Нәтижесінде қала әкімінің тапсырмалары мен тұрғындардың шағымдарының орындалуын онлайн бақылауға мүмкіндік туады. Мәселелердің шешіліп жатқанына орай, сала басшыларының жұмыстары бағаланады.

Орталық тәулігіне 3000 қоңырау қабылдай алады. Қажет болған жағдайда 5000-ға жуық азаматқа қызмет көрсетеді. Ол үшін тәулік бойы 26 қызметкер жұмыс істейді.

Сонымен қатар, iKomek орталығының 8777109109 WhatsApp нөмірі қайта жұмысын бастады.

Ағымдағы жылдың шілде айының соңында бірыңғай базаның веб-сайт үшін өтініштерді қабылдау модулі, мобильдік қосымшасы, telegram-бот іске қосылды.

Бетті жинақтаған: Сандуғаш ӘБДІҒАППАР.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар... Еліне еңбегі сіңген замандастарымыздың жетістіктеріне назар аударып қолдап-құрметтеудің түрлі жолдарын табу керек. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс» деген болатын. Тәуелсіз Қазақстанның өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосқан бірі әрі бірегейі- қоғам қайраткері Боранбек Шүкірбеков еді.

Мен, Шымкент қаласындағы Т. Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназияның он бірінші сынып оқушысы ретінде біртуар азамат Боранбек Шүкірбековтің көшбасшылық және ұйымдастырушылық қасиеттерінің ерекшеліктеріне тоқталып, алдына қойған мақсатына жету жолындағы еңбектерін айқындайтын құжаттардың мазмұнын ашу, талантты көшбасшы, өнертапқыш, сондай-ақ, ғалым ретінде қабілетін ашып көрсету мақсатында «Қоғам қайраткері Боранбек Шүкірбековтің ғылыми-зерттеу жұмыстары мен қоғамдық қызметі» атты ғылыми жобаны қолға алдым. Себебі, еңбегі арқылы кейінгі ұрпаққа үлгі, өмірлік тәжірибесі мен еліне жасаған қалтқысыз қызметінің арқасында тұлға ретінде қалыптасқан азаматтың өмір сүру салты өсекелең ұрпаққа зор өнеге. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің халыққа жолдаған «Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында «Әлемнің өміршісі - еңбек. Тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек» дей келе, Елбасымыз барша-мызды ел игілігі жолындағы еңбекке шақырады, бүгінде еңбек шешуші ұлттық фактор екенін ұғындырады. Ал, өзінің еңбекқорлығымен елге танылған арыстай аталарымыздың еңбегін насихаттау, болашақ ұрпақтың бойына рух сыйлайтыны хақ.

Боранбек Шүкірбеков іскер басшы, мықты ұйымдастырушылық қабілетімен танылған алып тұлға еді. Ол жүріп өткен беделді баспалдақтар, ғалым, өнертапқыш ретінде ерекшеленген табысты жылдар-жадымызда.

«Алтын қақпа» атанған Арыс қаласында дүниеге кеген Боранбек Ұлы Отан соғысы басталғанда небәрі 11 жаста еді. Жастайынан еңбекке араласты. Қарапайымдылығымен, еңбексүйгіштігімен, ауылшаруашылығы саласын дамытуға арнаған ерен еңбегімен танылып, «Задария» асыл тұқымды қаракөл қой зауытының директорлығына көтерілді. Боранбек Шүкірбеков қаракөл қой шаруашылығын дамыту мақсатында көптеген ғылыми диссертациялар жазды, зауыттың санитарлық тазалығынан бастап көшелерді көгалдандыру, ағаштарды баптау, жалпы ауылды көріктендіру, кішігірім бір ПМК іске асыратын құрылыс жұмыстарын атқару, малшылардың, жұмысшылардың, механизаторлардың, жалпы халықтың әл ауқаты жақсара түскендігі зерттеліп, мал тұқымын асылдандыру, жайылымдарды жақсарту, малға жем-шөп дайындау, қорыта айтқанда, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға арнаған еңбектері мен ғылыми диссертацияларының маңыздылығы күн өткен сайын арта түсуде.

Боранбек Шүкірбеков ұйымдастырушылық шеберлігінің, қарым-қабілетінің, талант-дарынының арқасында жайылымды жақсартудың шаруашылық шаралары қолға алып,



БІРТУАР ТҰЛҒА

жобалар жасады. Әсіресе, жерді тыңайтудың ғылыми негіздерімен қатар, ата-бабаларымыздан қалған әдіс-тәсілдерге де ерекше мән берілді. Жайылымды ауыстырып отыру, топырақтың құнарын тиімді пайдалану, яғни тұқым сеуіп тастап жерді бір жылға тынықтыру, сондай-ақ, жайылымдық алқапты түбірінен тыңайту шаралары жүзеге асырылды. Жазда аптап ыстығы мен аңызак желі қақтаған, құрғақшылықтан кенезесі кепкен кеңістікке изен, теріскен, қырықбуын, қоянсүйек, сексеуіл секілді сегіз ай бойы көгеріп өсетін өсімдік, ағаштар егіп, табиғаттың тұрпатын өзгертті. Құм суырып, жел қуырып тұратын мұндай аймаққа төзімді өсімдіктерді көбейтіп, жалаңаш далаға мәдени жайылым жасалды. Бұл тәлімді тәжірибенің негізінде жайылымдық жерлер жақсаруына, экологиялық тепе-теңдіктің жөнге келуіне, климаттың жұмсартып, жауынның мол түсуіне тиімді әсерін тигізді. Малдың қоңы артып, саны көбейді. Өнімділігі жоғарылап Қаракөл елтірілерінің сапасы жақсарды.

1977 жылы атқарылған ерен еңбектің арқасында Боранбек Шүкірбеков «Еңбек қызыл Ту» орденімен марапатталады.

1978 жылы зауытта 60 мыңдай қой, 33 бастай түйе, 400 бастай жылқы болды. Қатаң талап пен жүйелі жұмыстың нәтижесінде егістен алына-тын өнім екі есе өсті. Мал тұқымын асылдандыру, жайылымдарды жақсарту, малға жем-шөп дайындау бағыттарында кеңшардың еңбек озаттары Мәскеудегі Халық Шаруашылығы Көрмесіне қатысып, әр жыл сайын алтын, күміс, қола медальдармен марапатталып, бағалы сыйлықтар алып жатты.

1980 жылы кеңшар-зауыт «Бүкіл-одақтық көрменің жеңімпазы» деп танылып, зауыт директоры ретінде Боранбек Шүкірбеков бір топ озаттармен арнайы Мәскеуге шақырылды. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде ІІІ дәрежелі сыйлық, «Москвич» автокөлігін, «Құрмет» дипломын бүкілодақтық көпшіліктің алдында Боранбек Шүкірбековке табысталды. Осылайша, Бүкілодақтық көрмеде жоғары көрсеткіштері мен үздік шығып, қатарынан үш жыл бойы КСРО Ауыл шаруашы-

лығы министрлігінің үш бірдей (І-ІІ-ІІІ) жүлделі орнын бірінен кейін бірі жеңіп алып, жеңіс туы табысталды. Бұл- бұрын - соңды болмаған оқиға еді.

Одақтық халық шаруашылығының арнайы шешімімен жүлдеге 1981 жылы «УАЗ» жеңіл автокөлігі, 1982 жылы «Волга-21-10» маркалы автокөлігін сыйға беріліп, директор «Ленин» орденімен марапатталып, артынша Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен «Қазақ КСР Ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қайраткер» деген құрметті атақ берілді. 1984 жылы кеңшар-зауыты атынан Боранбек Шүкірбеков «КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат» болып бірауыздан сайланды.

1983 жылы Орталық сайлау комиссиясына мүше, 1984 жылы наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. Боранбек Шүкірбеков Қазақ қаракөл ғылыми-зерттеу институтының ғалымдарымен бірлесе жұмыс істеп, онға жуық жаңалықтардың авторы атанды және оған КСРО Жаңалықтар комитетінің куәліктері (патенттері) берілді.

Боранбек Шүкірбеков 1985-1995 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы ауылшаруашылығы басқармасының бастығы, елімізде жаңадан ұйымдастырылған Агроөнеркәсіптік саланың облыстық комитеті төрағасының І орынбасары, кейінірек ауылшаруашылығы басқармасы қайта құрылғаннан кейін, басқарманың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, Шымкент облыстық тәжірибе станциясының директоры, «Шымкент» ғылыми-өндірістік бірлестігінің бас директоры қызметтерін атқарды. Сонымен қатар, осы жылдары 10 жылға жуық Оңтүстік Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы ғылымы саласына басшылық етті.

Біртуар азамат Боранбек он рет жоғары мемлекеттік, солардың ішінде ең жоғарғы атақ Социалистік Еңбек Ері, «Орақ пен Балға» алтын жұлдызы, Ленин орденімен екі рет, Еңбек Қызыл Ту орденімен, Құрмет белгісі және ондаған төс белгілермен марапатталады. Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығының Еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ССР Министрлер Кеңесі сыйлығының лауреаты атақтарын алды. Осы 50 жылдың 30 жылдан астам кезеңінде ауылдық, аудандық, қалалық, облыстық, Республикалық, одақтық Кеңестерінің депутаты және түрлі пленумдар мен съездердің делегаты және КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.

Еңбегімен, өнегелі ісімен елге сыйлы болған Боранбек Шүкірбеков асыл жары Әшіргүл Бекмырзақызымен бірге өзінен тараған тоғыз ұл-қызға өнегелі тәрбие беріп, ұлын үяға қызын қияға қондырды. Асыл азаматтың өмірден өткеніне бір жыл болғанда қызы, Шымкент қаласындағы Тұрар Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясының мұғалімі, ұлағатты ұстазым Сәуле Шүкірбекова мектебіміздің мұғалімдері мен оқушыларына арналған «Өлкеміздің асыл азаматтары» атты әдістемелік нұсқаулық құрастырып, жарыққа шығарды. Жетекшім Сәуле Боранбекқызының айтуынша, біртуар азамат, қоғам қайраткері, өмірі өнегелі, еңбегі орасан Социалистік Еңбек Ері Боранбек Шүкірбеков туралы деректердің маңызы ерекше.

Табиғат СЕРІКҚЫЗЫ,

Шымкент қаласы, Т. Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназияның 11 сынып оқушысы.

МАҚТААРАЛДЫҚ АҒАЙЫННЫҢ АХУАЛЫ

Өткен аптада Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев жұмыс сапарымен Мақтаарал ауданына барды. Сапар барысында облыс әкімі алдымен Жаңажол ауыл округіне қарасты су тасқынынан зардап шеккен Өргебас елдімекенін қалпына келтіру жұмыстарымен танысты.

Бүгінгі таңда мұнда 209 үйдің 184-інің иелерімен келісімшарт түзіліп, 184 отбасына 8,5 млн теңге қаржы аударылған. Жалпы бүгінгі таңда бұзылған үй саны 145-ке жетіп отыр. Аталған 145 үйдің аумағы тазартылып, іргетасын құю жұмыстарына дайындалған. Ал 122 үй іргетасы құйылып, 31 баспананың қабырғалары қалануда.

Атқарылған жұмыстармен танысқан Өмірзақ Естайұлы үй құрылысын жылдамдату мен аулаларды қоқыстан тазарту, жол жөндеу жұмыстарын жеделдетуді тапсырды. Айта кетейік, Өргебас ауылына Жетісай ауданы жауапты боп бекітілген болатын. Қазір мұндағы жұмыстарға 613 құрылысшы тартылған.

Мұнан соң облыс әкімі Фирдауси ауылына ат басын бұрды. Мұнда да құрылыс жұмыстары қарқын алған. Қазіргі таңда Фирдаусидағы 340 үйдің 277 баспана иелерімен келісімшарт жасалып, бөріне дерлік 8,5 млн теңгеден аударылған. Мұнда бүгінде 133 үйдің іргетасы құйылып, 17 үйдің қабырғасы қалануда. Сондай-ақ, 1 үйдің шатыры жабылуда.

«Мақтаарал ауданындағы су басқан 5 елдімекендегі төтенше жағдай салдарын жою, жаңа мөлтек аудан мен екі ауылдағы үй салу жұмыстарын бір сәтке де бәсеңдетуге болмайды. Ең бастысы – құрылыстың сапасына мән беріміз қажет. Сондай-ақ, үй салуға бөлінетін, 1000 долларлық, 100 мың теңгелік төлемдерді дер кезінде аударып беру, төлеу мәселелеріне жылдамдату керек. Тамыз айының алғашқы күнінде жаңа мөлтек аудандағы үйлердің бөрінің дерлік шатырлары жабылып бітуі тиіс», – деді Өмірзақ Естайұлы.

Мырзакенттегі жаңа шағынауданда Мақтааралдағы су тасқынынан зардап шеккендерге арналған 20 үйдің құрылысы қарқынды жүруде. Сегіз нысанның іргетасы құйылып, дуалдары қалануда. Ағымдағы жылдың тамыз айында 20 үйдің құрылысы аяқталады деп жоспарлануда.

Жаңа үйлердің құрылысы меценат Болат Назарбаев негізін қалаған «Салиқалы ұрпақ» қоғамдық қорының қаржысына салынып жатыр.

Мақтаарал ауданы Атакент кентіндегі «Мақтаарал» жалпы орта мектебінде орналасқан эвакуацияға арнайы штаб мүшелері су басқан Жеңіс ауылының тұрғындарымен кездесті.

Кездесуге аудандағы тұрғын үйлері суга кеткен 180-ге жуық тұрғын қатысты. Негізгі мақсат - зардап шеккен тұрғындардың ұсыныс-талаптарын тыңдау, қордаланған мәселелерді шешу. Сөз алған Жеңіс ауылының тұрғыны Ақтөреева Сәрсенкүл тұрғындардың мәселесін көтере келе, бүгінгі күні жатақ жай, ыстық тамақ толық қарастырылғанына және бұрынғы жерлері өз меншіктерінде қалатынына ризашылығын білдірді.

«Алдағы 1 шілде күні 55 үйдің құрылысы толық аяқталып, 100 үйдің шатыры жабылып бітеді деп жоспарлап отырмыз. Құрылыс қарқыны бір сәтке де бәсеңдеп отырған жоқ. Мердігер мекемелер екі кезеңде жұмыс істеуде. Яғни, күндізгі және түнгі ауысында жұмыстарын жалғастыруда. Әзірге құрылыс материалдарынан немесе құрылысшылардан тапшылық орын алып отырған жоқ», – дейді Мақтаарал аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Бижан Анарбеков.

Жаңа мөлтек аудандағы 70 гектар аумақта тұрғын үй құрылысынан бөлек, инфрақұрылымдық яғни газ, су, жол, жарық тарту жұмыстары қатар жүргізілуде. Сондай-ақ, 1200 орындық мектеп пен 280 орындық балабақшаның орнын әзірлеу жұмыстары жалғасуда.

Салтанат ТОЙБОЛОВА.

Мем.лиц.: 12019073 14.11.2012 ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінен берілген.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ – БОЛАШАҒЫҢДЫ АЙҚЫНДАУ

Шеберліктің шыңына жете біл-сендер мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен аткарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда» деген сөз жолдары Қазақстанның жас азаматтарына арналған болатын.

Мамандық – әрбір адамның болашағы, сондай-ақ, шаруашылық көзі болып табылатын сүйікті іс. Кез келген адам өз мамандығына күрметпен қарайды емес пе? Мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Болашақта үлкен мамандық иесі болатынын армандамайтын бала болмайды. Мектеп партасында отырғанда «кім боласыз?» деген сұрақтарды көп еститін едік. Сонда бала арманында шек бар ма? Мектепті бітіре сала жоғарғы оқу орнында дәл сен қалаған мамандық құшақ жая қарсы алардай көрінетін.

Сейтсек, біз елемеген мәселелер көп екен. «Өмірде өз орныңды табу үшін маман болу керек» - дегенді де естігеніміз бар. Содан болар жас түлек болып ұшар тұста «мамандық таңдауда шатаспа» - деп жатады. Қанатың қатаймай өмір жолында қандай да бір шешім қабылдау оңай емес екендігін мойындау керек. Өйткені, балалық шағында сол мамандықтың тек қаймағына құштар болатыны сөзсіз.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті жұмыс берушілердің ғаламдану шартындағы әлемдік нарық шартының өзгеруіне бейімделген, заманауи техника және технологиямен жұмыс жасай білетін, ойлау қабілеті жетілген мамандарға қажеттілікті қанағаттандыру үшін жұмыс жүргізуде. Аталған оқу орнында осы бағыттағы мамандарды даярлауда «Механика және мұнай газ ісі» факультетіндегі «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасымен жұмыс берушілердің шартындағы әлемдік нарық шартының өзгеруіне бейімделген, заманауи техника және технологиямен жұмыс жасай білетін, ойлау қабілеті жетілген мамандарға қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында білікті мамандарды дайындайды.

Биыл университет әлемнің үздік ЖОО-лар қатарында М.Әуезов атындағы ОКМУ QS World University Rankings Results 2020 әлемдік рейтингі бойынша көтеріліп, 490

орынды иеленіп, тұңғыш рет Top Universities 500 енді. Білім беру сапасын қамтамасыздандыру Тәуелсіз Қазақстандық агенттігінің сараптама қорытындысы бойынша 3 орынға табан тіреді. Осы мәреге тұрарлық нәтижелермен келгенімізге шын жүректен қуаныштымыз. Өткен жылмен салыстырғанда университеттің позициясы бір кіші категорияға көтерілді.

2016-2017 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің шешіміне сәйкес 5B073200 - Стандарттау, сертификаттау және метрология мамандығы екіге бөлінді, қазіргі таңда кафедрада 6B07510 - «Стандарттау және сертификаттау», 6B07513 - «Метрология» бакалавр мамандықтарын өзірлейді, ал магистрлерді дайындау барысында 7M07510 - «Стандарттау және сертификаттау», 7M07513 - «Метрология» мамандығы бойынша жүзеге асырылады.

Даярлау білім бағдарламасы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Аталған мамандықтар еліміздің заманауи даму кезеңінде сапа бәсекеге қабілеттілікті жоғарылату және кәсіпорынның экономикалық өсуі үшін анықтаушы фактор ретінде қарастырылады. Стандарттау және сертификаттау мамандығы өнімнің қауіпсіздік талаптарына және әр түрлі саладағы сапалы қызмет көрсетудің сәйкестігін растау, ИСО 9000 сериалы стандарттарының ұсыныстарына сәйкес сапа менеджмент жүйесін ендіру және жасау саласындағы қызметтердің қажеттілігін туындатады. Стандарттау және сертификаттау мамандықтары бойынша түлектер еңбек нарығында жоғарғы қажеттілікке ие.

Біздің мамандықты бітіруші түлектер ЖОО аяқтағаннан соң кез келген кәсіпорындар мен түрлі өндіріс орындарында сапа бойынша менеджер, инженер, сарапшы аудитор, стандарттау бойынша инженер, сертификаттау бойынша маман, метролог, сондай-ақ, мемлекеттік органдар мен инспекциялық қызметтерде, мемлекеттік инспектор қызметтерінде қызмет ете алады. Толық ақпараттарды @standard_ukgu инстаграм парақшасынан ала аласыздар.

Айжан ТОКТАБЕК,
Айтолқын ОТУНШИЕВА.

М.Әуезов атындағы ОКМУ «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасының магистр, аға оқытушылары.

БІЛЕКТІ БІРДІ ЖЫҒАДЫ, БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАДЫ

Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады деп дана халқымыз айтқандай, білім – жеңілмейтін қару, қараңғы түнде адастырмас жарық жұлдыз. Білім – адамзатқа берілген аса бағалы сый. Адамдардың басқа тіршілік иелерінен айырмашылығы сол, білім үйреніп, ғылым ізденуінде. Білім – ең қымбат асыл қазына. Біздердің арамыздағы ең абзалы білім үйреніп, оны үйреткеніміз. Біліммен қаруланған адам ешқашан жеңілмейді. Білімнен мықты қару жоқ.

Кез келген ел өзінің көшесіне өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр ұрпақтың өзіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы болады. ХХІ ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бұйырған бақыт. Ата-бабаларымыз болашақ ұрпақ үшін ақтық демі қалғанша күресіп, бізге егемендік алып берді. Қазақ даласы ата-бабаларымыз ғасырлар бойы арман еткен және сол жолда жандарын қиып, өз тәуелсіздігін жеңіп алды.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білгір жастардың қолында. Елдің ертеңгі сенімі де жастардың мойнында. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Осы ретте Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Мен, сіздер, бүгінгі жастар ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ер жетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойлашыңызға сіңірдіңіздер» деген сөзі мемлекет пен ұлт болашағы жастар болашағымен тікелей байланысты екендігін айқындайды. Қазіргі таңда республикамыздың барлық өңірлерінде жастар белсенділігі күшейіп келеді. Жастар әлеуметтік және қоғамдық өмірдің бел ортасынан табылып жүр. Елбасының Қазақстан жастарына деген сенімі жоғары екендігін, бүгінгі қыз-жігіттеріміздің интеллектуалдық белсенділігін жоғары бағалайтындығын білеміз.

Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолымызда. Сондықтан, жастар қауымы уақыттың кез-келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беруі керек. Санасы сергек, заманауи технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ. Елімізде жастар саясатына үлкен көңіл бөлінуде. Жастар саясатына қатысты сан түрлі пікірлер мемлекеттік шеңберде, халықаралық дәрежеде талқылануы, оның қоғам өмірінде айтарлықтай маңызды орын алатындығын аңғартады.

Статистика агенттігінің жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша мемлекетіміздегі халық санының 4,5 миллионнан астамы жастардың үлесінде екен. Бұл деңгейміз жалпы халықтың 30 пайызы жастар деген сөз. Ендеше, еліміздің ертеңгі болашағы жастардың, бүгіннен бастап қандай тәрбие алуы мен отансүйгіштік қасиеттерінің дамуы аса маңызды. Ең алдымен жастар бойында рухани адамгершілік, саяси интеллектік, құқықтық тәрбие басым болғаны жөн. Қазіргі таңда мемлекеттік деңгейдегі форумдарда белсенді қазақ жастарының басы қосылып, жұртшылық алдында сөз сөйлеген жастарымыз ұлтаралық татулық пен қазақ халқының мәдени және тілдік ерекшеліктерін сақтай отырып, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда.

Кешегі күн өтті, көп нәрсеге қолымыз жетті, біз ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізіп отырмыз. Ендігі кезек – жастарда. Жастар – жердің, елдің иесі, қазақ елінің рухани тәуелсіздігінің биік тұғыры. Жастарымыздың бойында елжандылық, азаматтық пен адамгершілік сезімдерін жан-жақты жетілдіруіміз

қажет. Жастарды жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жасампаз үлгісін жаңғырта беру мақсатында жаңа ғасырдағы еліміздің интеллектуалдық элитасын қалыптастыруға, мемлекетіміздің басты игілігі болып саналатын этносаралық келісімді, татулық пен бірлікті қорғауға шақыруымыз керек.

Елбасымыздың халыққа Жолдауында ХХІ ғасыр білім ғасыры делінген. Олай болса, елімізді өркендету үшін білімді жастар керек, жақсы оқып, жан-жақты білім мен ғылым алуымыз керек. Елімізді көркейту, оны өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізу біздің басты борышымыз. Осы ретте айтып кететін мәселелердің бірі мемлекетімізде жаңа өндірістер, сондай-ақ кәсіпорындардың іске қосылуына орай сол өндіріс пен кәсіпорын мекемелерін ары қарай дамытып елу елдің қатарына кіруіне ықпал ететін кәсіби білімді мамандар қажет. Бүгінгі таңда ел экономикасын көтеруде технологиялық мамандарды меңгерген жастарға барлық кәсіпорындардан түсіп жатқан сұраныстар көп.

Қазақстанның оңтүстік өңірі өндіріс орындары көп шоғырланған индустриалды аймақ болып табылады. Химияның және химия өнеркәсібінің өркендеуі шаруашылықтың барлық салаларының дамуына, жалпы ғылыми-техникалық прогрестің жеделдеуіне әсер етеді. Химия өнеркәсібінің және оның жетістіктері егеменді еліміздің экономикасы мен мәдениетінің өсуіне, халықтың әл-ауқатының артуына ықпал етеді. Қазіргі қоғамда әрбір адам өзінің химия ғасырында өмір сүріп отырғанын жақсы біледі. Химиясыз ғылыми-техникалық прогресс болуы мүмкін емес.

Қазіргі заманда жоғары білім берудің басым бағыты ретінде отандық экономиканы жас мамандармен қамтамасыз ету мақсатымен техникалық білім беруді дамыту көзделген. Осыған орай қазіргі кезде қарқынды дамып келе жатқан химия, металлургия, құрылыс, мұнай-газ, экология, биотехнология және өнеркәсіптің басқа да салалары үшін жоғары білікті бакалаврларды дайындауға аса маңызды көңіл бөлінуде.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған ең өзекті міндеттерінің бірі – еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын бәсекелестікке қабілетті кәсіби мамандар дайындау. Қазақстан Республикасының әлемге танылуына үлес қосатын білімді, білікті, саналы азаматтар жеке тұлға тәрбиелеу әрбір педагогтың алға қойған мақсаты.

Біздің мемлекетіміз барлық деңгейдегі техникалық және технологиялық білім беруді дамытуға бағытталған тиісті іс-шараларды қолдауда. Елбасымыздың тапсырмасы бойынша жыл сайын техникалық мамандықтарға бөлінетін мемлекеттік грант саны артуда.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебінің тарихы тереңде жатқан «Химия және химиялық технология негіздері» кафедрасында бүгінгі таңда 24 профессор-оқытушы құрамы, соның ішінде 4 ғылым докторлары, 11 ғылым кандидаттары және 5 ғылым магистрлері жұмыс істейді. Кафедрада 5B060600-«Химия» мамандығы, 6B05320-«Химия» және 6B07270-«Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламалары бойынша мамандар дайындалады. Жоғары деңгейлі мамандарды даярлау үшін кафедрада магистратура ашылған. Келешекте кафедрада жаңа білім беру бағдарламаларын, PhD докторантура ашу жоспарланып отыр.

Университет пен кафедраның материалдық базасы заманауи көп функционалды, тиімділігі жоғары арнайы қондырғылармен қамтамасыз етілген, химиялық, физикалық және физика-химиялық кең спектрлі талдау жүргізуге мүмкіндік беретін өртүрлі заманауи құрылғылармен жабдықталған. Оқу-ғылыми базасы жоғары талаптарға сай, зертханалары мен оқу залдары қазіргі заманғы ғылыми-ізденуде қолданылатын қондырғылармен жабдықталған және бұл оқу процесін жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде өткізуге мүмкіндік береді.

Университетті бітіргеннен кейін білім алушыларға «Химия» мамандығы мен білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану ғылымдарының бакалавры, ал «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технология бакалавры біліктілігі беріледі және бітіруші түлектер өндіріс кешендерінің түрлі салаларында, прокуратурада, орта және кіші бизнес кәсіпорындарында, ішкі істер орындарында, кеден және салық полициясында, сараптау органдарында, экология комитетінде, қоршаған ортаны қорғау органдарында, химия-фармацевтикалық кәсіпорындарда, медициналық препараттарды өндіру бойынша кәсіпорындарда, биотехнологиялық өндірістерде, техникалық бақылау бөлімдерінде, орталық-зауыттық зертханаларда, дәрі-дәрмектерді стандарттау және сапасын бақылау бойынша зертханаларда жұмыс істей алады.

Сонымен қатар, аталған білім беру бағдарламаларын тандаған және де бакалавр жүйесі бойынша жетістікпен бітірген түлектердің оқуын одан ары қарай магистратурада жалғастыруына, магистратураны бітіріп, оқуын PhD докторантурада жалғастыруына, және кез-келген елде осы білім беру бағдарламаларының білікті маманы болуына мүмкіндіктері бар. Біздің еліміз үшін дарынды, білімді, жігерлі ұрпақтардың орны бөлек. Елбасымыздың халыққа Жолдауында «Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр» деп, жастарға зор сенім мен үміт артып отыр. Сол сенімді ақтап, болашағымызды жарқын етейік.

К.БЕКЖИГИТОВА,

М. Әуезов атындағы ОКМУ-дың «Химия және химиялық технология негіздері» кафедрасының т.ғ.к.

Мем.лиц.: 12019073 14.11.2012 ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінен берілген.

Мем.лиц.: №KZ361LAA00016334, 04.06.2011 ж. Шымкент қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ДӘЛЕЛДЕЙТІН ДОДА

«WorldSkills Kazakhstan» - Қазақстандағы техникалық кәсіптерді дәріптейтін және қоғамның назарын аудартаңан толыққанды инновациялық іс-шара болып саналады.

Чемпионат мақсаты кәсіптік мамандықтарды жастар арасында кеңінен насихаттау, қол еңбегін қажет ететін мамандықты тандаған жастарды үздік болуға талпындыру, кәсіптік мамандықтың стандарттарын жоғарылату болып табылады. Жұмысшы мамандығының беделін және кәсіптік білім сапасын арттыру мақсатында «WorldSkills» чемпионаты 2015 жылдан бері облыстың кәсіптік білім беретін колледждері арасында ұйымдастырылып келеді. Инновациялық-технологиялық колледжінің студенттері облыстық чемпионатта төрт жылдан бері бақ сынап келеді. 2017 жылы кәсіби сайысқа 4 студентіміз алғашқы рет қатысып, жүлделі орындарға ие болды. «Кіріпінш қалау» санаты бойынша С.Молдақұлов 1-орынды, «Инженерлік графика Autocad» құзыреттілігін Б.Құдияров 2-орынды, «Сырлау және өрлеу» бойынша М.Ертай 3-орын және С.Айдарбек 4-орынды жеңіп алды. 2018 жылғы «WorldSkills Kazakhstan-2018» өңіраралық чемпионатында «Отель-ресепшюнист» құзыреттілігі бойынша жоғары кәсіби шеберлігі мен біліктілігін іс жүзінде

қолдана алғаны үшін С.Жасұлан II дәрежелі дипломмен марапатталды.

«WorldSkills Kazakhstan-2019» Облыстық чемпионатының «Қонақ үй ресепшюнисті» құзыреттілігі бойынша колледжімізден қатысқан А.Цой тапсырмаларды жоғары дәрежеде орындап, жүлделі 1-ші орынды иеленіп, I дәрежелі диплом, сертификат және бағалы сыйлық - ноутбукпен марапатталды. Құрылыс саласы бойынша жарыстар 23-24 сәуір аралығында, Кентау қаласында, №7 колледжде өтті. Жарыстың нәтижесі бойынша колледж студенті Ж.Ілесбай «Кіріпінш қалаудан» 2-ші орын алып, II дәрежелі диплом, сертификат және бағалы сыйлықпен марапатталды, «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» құзыреттілігі бойынша Н.Тұрсынов жүлделі 3-ші орын алып, III дәрежелі диплом, сертификат және бағалы сыйлық ұялы телефонмен марапатталды.

Биылғы «WorldSkills Kazakhstan-2020» облыстық чемпионатына 4 студентіміз «Қонақ үй ресепшюнисті», «Кіріпінш қалау», «Құрғақ құрылыс және сылақ», «Сырлау және өрлеу» құзыреттіліктері бойынша қатысты. Жарыстың нәтижесі бойынша А.Төретай жүлделі 1-ші орынды иеленіп, I дәрежелі диплом, сертификат және бағалы сыйлық



- теледидармен марапатталды. Студент Ж.Ілесбай «Кіріпінш қалау» құзыреттілігі бойынша жүлделі 2-ші орын алып, II дәрежелі диплом, сертификат және бағалы сыйлық - планшетпен марапатталды. «Құрғақ құрылыс және сылақ жұмыстары» құзыреттілігі бойынша А.Тұрсынов жүлделі 3-ші орын алып, III дәрежелі диплом, сертификат және бағалы сыйлық HARD DISK – пен марапатталды.

«WorldSkills Kazakhstan» секілді шаралар жастар ара-

сында танымалдыққа ие, мұндай байқаулар кәсіп үйренуге ынталандырады. Техникалық және кәсіби білім беру сапасын арттыру, жастарды аталған салаға тарту, еңбек нарығына бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау – біздің алға қойып отырған басты мақсатымыздың бірі.

Нұрилла ТОГУЗБАЕВА,

Инновациялық-технологиялық колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.



МЕНЗБИР СУЫРЫ МЕН ОНЫ МЕКЕН ЕТУ ОРТАСЫН САҚТАЙЫҚ!



Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 қаңтардағы №52 «Оңтүстік Қазақстан облысының жекелеген мемлекеттік мекемелері туралы» қаулысына сәйкес Өгем, Төлеби және Түлкібас орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемелерінің қосылу жолымен құрылды.

Ұлттық парктің қызметінде флора мен фаунаны қорғауға, сақтауға және молайтуға жете көңіл бөлінген. Ұлттық парктің әр алуан жануарлар дүниесінің ішінде Мензбир суырының орны ерекше.

ҚР және ХТҚО Қызыл кітабына енгізілген Мензбир суыры Батыс Тянь-Шань тауының эндемигі болып саналады. Мензбир суыры – суырлар туысының дене көлемі жағынан ең кіші түрі. Екіншіден, мекен ету ареалы жағынан да ең кішісі. Үшіншіден, жыл мезгіліне байланысты түсі күрт өзгеріп отырады. Төртіншіден, БҰҰ елдерінің суырларының ішінде, тау бөктерлерінің ең жоғары белдеуінде мекен ететін суыр түрі. Бесіншіден, ғылым үшін түр ретінде кеш сипатталды.

Кезінде кәсіби маңызы бар көк суырды егі, терісі және медицинада қолданылатын

майы үшін шектеусіз аулау нәтижесінде, XX ғасырдың ортасында олардың саны кеміп кетті. Сондықтан, 1950 ж (Ресми түрде 1962 ж) оны аулауға тиым салынған болатын. Қолға алынған шаралардың арқасында, санының кемуі тоқталып, тұрақталды.

Бүгінгі таңда Қазақстанда сирек кездесетін бұл эндемик 2006 жылы құрылған «Сайрам-Өгем» МҰТП-де сақталған және қорғау жұмыстары қолға алынған.

Жазғы маусымда суырлардың тығыз мекен ететін аймақтарында оларды сұғанақтықтан қорғау мақсатында бірнеше лагерьлер құрылды. Ол лагерьлерде мемлекеттік инспекторлар күшейтілген режимде үздіксіз шолу рейдтерін жүргізуде. Жыл сайын мемлекеттік есепке алу жұмыстары жүргізіліп отырады және фототүзақтар орнатылып, мониторинг жасалады.

Биыл 2020 жылы осындай іс-шаралар барысында ұлттық парктің жануарлар дүниесінің өсімін молайту бөлімінің мамандарымен орнатылған фототүзаққа ақ түсті суыр түсірілді. Әдетте бұл фактор күннің ультрафиолет сәулелерінің және қоршаған орта температурасының әсерінен пайда болады. Оны ғылыми тілде альбинизм дейді. Осы себепті бұл ақ суырларға мониторинг жұмыстары жалғастырылады.

Ұлттық парктегі жоғарыда аталған іс-шаралар кешенінің арқасында бүгінгі күні суырлардың жай-күйі жақсы. Мемлекеттік есепке алу жұмыстары жыл сайын суырлар санының артуын көрсетуде. Тар көлемде таралған, саны өте аз, әлемдік маңызы бар Мензбир суыры мен оның мекен ету ортасын әрі қарай сақтап қалу өз қолымызда.

Ч.ШУМЕНОВ,

Сайрам-Өгем мемлекеттік

ұлттық табиғи паркі

Жануарлар дүниесінің өсімін

молайту бөлімінің бастығы.

ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢ ҚЫМБАТ ҚАЗЫНАСЫ – АТА ЗАҢ!

Бүгінде ғаламтор арқылы дүние жүзінде қандай жаңалықтар болып жатқанын оп-оңай бақылап отырасың. Соның ішінде кейбір елдердегі жағанды ұстап, жаныңды ауыртатын жайларға да жолығасың. Тіпті, ондай көріністер көптеген елдерде орын алып жатқанын байқағанда, өз еліміздің бейбіт өміріне шүкірлік етесің. Ал, сол еліміздегі бейбітшілік пен татулықтың негізгі тетігін ұстап тұрған біздің тұғыры биік Ата Заңымыз десек болады. Елдің көз алдында, 1991 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Заң қабылданды. Одан кейін, Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ұсынып, оны Қазақстан халқы 1995 жылы 30 тамыздағы Республикалық референдумда бір ауыздан мақұлдады. Конституция Президент лауазымына үлкен міндеттер мен зор жауапкершілік жүктеді. Ата Заңда атап көрсетілгендей, ҚР Президенті халықтар бірлігі мен ынтымақтастығы, азаматтар және адамдар құқығы мен бостандықтарының нақты кепілі.

Ата Заңда еліміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп анық айтылған. Еліміздің Ата Заңына тағы бір мәрте құрмет көрсетіп, осы елдің басқарып отырған Елбасыға ризашылығымызды арттыра түсеміз. Өйткені біздің еліміз құқықты мемлекет.

Жансая СЕРІКҚЫЗЫ.

Төлеби ауданы.

АТА ЗАҢЫМ – АЙБЫНЫМ!

Мемлекет болған соң міндетті түрде оның болмыс-бітімін, ішкі-сыртқы саясатын айқындайтын, мүдделері мен меншігін қорғайтын негізгі заңы болады.

Алғашқы қазақ хандығы құрылғанда ата-бабалар дәстүрімен қатар 1511 жылы 19-баптан тұратын Негізгі заң қабылданған. Ол заң тарихтан «Қасымханның қасқа жолы» деген атаумен белгілі. Алғашқы заңнан соң 1690 жылы Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қабылданды. Осы заңдарды қазақ даласындағы алғашқы Ата Заң десек қателеспейміз.

Бүгінгі Конституциямыздың басқа Конституциялардан артықшылығы – ең бірінші, мемлекет ретінде жеке адамға аса құрметпен қарайтындығында. «Оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп бірінші бапта жазылған. Үшінші бапта «Мемлекеттік биліктің бірден бір бастауы – халық» дейді.

Өткенге көз жіберсек, бұрындары халық ешқашан дәл қазіргідей еркін өмір сүрмеген. Мемлекет бұқараның еркіндігін әртүрлі жолдармен қақпайлап отырған.

Ел заңды, өз құқықтарын білу үшін заман талабына сай шығарылып жатқан заңдарды мұқият әрі зерделей тұрып оқуы керек. Өз құқықтық білімдерін үнемі жетілдіріп, басшылыққа алып отыру

қажет. Сонда ғана заңсыздықтардан зардап шекпейді, өзінің құқықтары мен бостандықтарын кез келген орында қорғай алады. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» деп Мұхтар Әуезовте орынды айтқан.

Ата Заңда анық жазылғандай, Парламент заң қабылдайды. Оларға берілген өкілеттік жеткілікті. Атқарушы билік қабылданған заңдарды іс жүзіне асырады. Ал прокуратура сол заңдардың дұрыс орындалуын қадағалайды. Ата Заңның 83-бабы бойынша прокуратура сотта мемлекет мүддесін қорғайды.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, Қазақстанның Конституциясы әлемдегі жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейтін ең үздік 50 Конституцияның бірі болып саналады екен. Бұның өзі Ата Заңымыздың үлкен әлеуетін білдірсе керек.

Шынымен де бүгінгі Ата заңымыздың басты ерекшелігі қандай? Қоғам қайраткерлерінің сөзіне сүйенсек мұны Елбасы ұсынысымен енгізілген төрт ұстанымға, біріншіден – қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, екіншіден – экономикалық даму, үшіншіден – қазақстандық патриотизм, төртіншіден – маңызды мәселелерге референдум жасау және Парламентте дауыс беру арқылы

шешу принциптерімен негіздейді. Ата Заңымыздың бірінші бабына енгізілген осы төрт мәселе арқылы Қазақстанның жан-жақты дамуына жол ашылған.

Ал ондай дағдарыстар туындауының бір негізі конституциялық қайшылықтардан, даму бағытын айқындаудың олқылығынан туындап жатқаны да белгілі болып жатыр. Керісінше, қазақ даласында орта қол шаруасын айналдырған халықтың ақжарқын жүзі мен ертеңге деген сенімін байқаймыз. Осының бәрі қолданыстағы Ата Заңды алтын арқау ете отырып, оның ережелерінен еш ауытқымай, елге, халыққа қызмет етіп отырған Тұңғыш Президент – Елбасының сабырлы конституциялық саясатының арқасы.

Осы тұрғыдағы ойымызды Елбасының өз сөзімен аяқтасақ «Конституцияны қатаң ұстану – бұл мемлекеттіліктің табысты дамуының және қоғамдағы азаматтық келісімнің негізі. Ол бойынша өмір сүру – бұл демократияның ең жоғарғы мектебі. Бұл мектептен барлығымыз өтуге тиіспіз. Біздің міндет – Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау. Өзіміздің елімізді, өзіміздің тарихымызды, өзіміздің жетістіктерімізді қалай құрметтесек, оны да солай аялауымыз керек».

Раушан КАРАБАЕВА,

заңгер.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Бұл ауқымды мәселе туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жолдауында «Біз білім беруді жалғастыруды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс» деп атап өтті. Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциялын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы (әрі қарай БАҰО) АҚ филиалы Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институты базасында «Дене тәрбиесі пәні мұғалімдерінің кәсіби күздіреттілігін дамыту» тақырыбында 2020 жылдың 15 маусым мен 26 маусым аралығында қашықтықтан курс өтті. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде біліммен қаруландыру мұғалімнің біліктілігіне, біліміне,

тәжірибесіне байланысты екендігі туралы аға оқытушылар Адилаева Алма апай мен Жұманов Ержан ағай жан-жақты тоқталып, жүйелі түрде таныстырды. Курс барысында қазіргі заманда спорт пен саламатты өмір салты экономикалық дамумен бірге, азаматтардың өмір сүру сапасының негізгі көрсеткіштері қатарынан орын алады, сол себепті дене шынықтыру пәнінде оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттай отырып, келешек ұрпақтың физиологиялық дамуын көтеруде дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің ролінің маңыздылығы жан-жақты талқыланды. Біліктілікті арттыру курстарынан әрбір пән мұғалімі білім беру саласындағы жаңашылдықты оқып үйренуде, меңгеруде ерекше екендігін атап өтуге болады. Әлемдегі коронавирустық инфекциясының таралуы бүгінде елімізде орын алып отырған санитарлық-эпидемиялық жағдайға байланысты «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Түркістан облысы мен Шымкент қаласы бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институты ұжымына мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету ұйымдастырғаны үшін шығармашылық табыс тілеп, ризашылығымызды білдіреміз.

Досым САДЫРБАЕВ,

Төлеби ауданы «Әңгірата» жалпы орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

АЙҒАҚ

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат коми-тетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

Құрылтайшысы және меншік иесі «Айғақ» Медиа» ЖШС

Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ НАУШАБАЕВА -
Бас редактор

Сейсенбай АХМЕТ -
журналист

РЕДАКЦИЯНЫ МЕКЕНЖАЙЫ:

160000, Шымкент қаласы, Ф. Ляев көшесі, 29.

E-mail: aigak@mail.ru www.aigak.kz

Жандос САҒЫНДЫҚОВ - Безендіруші

Сандуғаш ӘБДУЛҒАППАРҚЫЗЫ - Жарнама

Олжас ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ - Тарату бөлімі



Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Журналистер: 8 (7252) 30-10-86,

Жарнама бөлімі тел: 8 (7252) 21-34-30,

Қаржы бөлімі тел: 8 (7252) 21-06-34 Факс: 30-07-25

Газетті тарату және жеткізу қызметі: 8 747 123 45 89

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтөбе, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Шымкент.

Жазылу

индексі

65836

16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «М-press» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Байтұрсынның көшесі №18 үй

Нөмірдің кезекті редакторы - Сандуғаш Әбдіғалпақызы

Талпырыс: №
Таралымы: 7000

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап береді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданылмайды. «Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Открылось наследство

*** Умерла Плоскова Валентина Петровна. Дата смерти 11.01.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бейсенбаева Р.У. г. Шымкент, ул. Аскарова, 3. Тел.: 8 /7252/ 402-673, 8 777-094-27-44

*** Умер Ерметов Хурчид Мамуржанович. Дата смерти 27.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи А. г. Шымкент, ул. Джангельдина, 13. Тел.: 8 705-758-88-08

*** Умер Мырзабеков Серик Абубакирулы. Дата смерти 25.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тогызбаева Г.Ж. г. Ленгер, ул. Толеби. Тел.: 8 778-965-48-58

*** Умер Парманов Султанкул Мурзабаевич. Дата смерти 09.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Есенбаева Г.Р. г. Шымкент, ул. Туркестанская, 2/3. Тел.: 8 701-780-63-44

*** Умерла Ханхожаева Адахан. Дата смерти 06.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Аширкулов С.Б. г. Шымкент, мкр. Нурсат, 126/37. Тел.: 8 /7252/ 97-53-43, 8 702-552-71-77, 8 707-134-25-20

*** Умер Строганов Михаил Иванович. Дата смерти 25.01.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кемелова А.С. г. Шымкент, ул. Ильева, 17 А. Тел.: 8 /7252/ 21-34-09, 8 701-716-27-81

*** Умерла Кривых Тамара Петровна. Дата

смерти 06.03.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Битемір А.Г. г. Ленгер, ул. Толеби, 228. Тел.: 8 775-255-22-25

*** Умер Атаев Уалихан. Дата смерти 13.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Аширкулов С.Б. г. Шымкент, мкр. Нурсат, 126/37. Тел.: 8 /7252/ 97-53-43, 8 702-552-71-77, 8 707-134-25-20

*** Умерла Минджасарова Ольмес Рахмановна. Дата смерти 01.05.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бейсенбаева Р.У. г. Шымкент, ул. Аскарова, 3. Тел.: 8 /7252/ 402-673, 8 777-094-27-44

*** Умерла Есіркеп Үрбibi Шәріпбекқызы. Дата смерти 03.07.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сағындыкова К.Ж. г. Шымкент, ул. Дулати, 2, 9. Тел.: 8 702-957-94-35, 8 705-361-94-78

*** Умер Мусаев Асылхан Салыкбаевич. Дата смерти 20.02.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мұхтарқызы Г. г. Шымкент, ул. Тауке хана, 2 А. Тел.: 8 701-355-26-61

*** Умерла Өтеева Күлайхан Серікбайқызы. Дата смерти 20.01.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Джанизакова Н.Р. г. Шымкент, ул. Желтоқсан, 7, Бизнес центр «ДарКол». Тел.: 8 701-222-42-83, 8 707-801-82-83

*** Умер Халметов Баратай Курбаналиевич. Дата смерти 03.06.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к но-

тариусу Калтаева Э.А. г. Шымкент, ул. Ильева, 22-3. Тел.: 8 /7252/ 30-14-65, 8 701-721-43-85

*** Умер Тасбаев Жангали Байтешович. Дата смерти 23.06.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Карабаева Р.К. г. Шымкент, ул. Толеметова, 35. Тел.: 8 701-741-27-45

*** Умер Жетибаев Туймесерик Арипбаевич. Дата смерти 01.04.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Иманова Г.А. г. Шымкент, 3-мкр., 3В. Тел.: 8 701-729-25-41

*** Умерла Багисбекова Жибек. Дата смерти 14.06.2014 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бекешбаев Е.С. г. Шымкент, Тамерлановское шоссе, 42, 39. Тел.: 8 701-567-69-28

*** Умер Узбеков Абдилкарим Тайбасарович. Дата смерти 09.01.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кенжебаева А.М. г. Шымкент, пр. Республики, 20/24. Тел.: 8 701-550-09-89

*** Умер Мырзаев Сәрсенби Айтутанович. Дата смерти 11.06.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Касымбекова З.Ш. г. Шымкент, ул. Аскарова, 7, 37. Тел.: 8 701-743-35-58

*** Умерла Абилкасимова Сауле. Дата смерти 11.06.2020 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Танбергенова Р. г. Шымкент, Нұрсәт м.а., 39/3. Тел.: 8 705-354-34-88

Жарамсыз деп танылсын!

*** 1998 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Мәлік Айдана Ақылбекқызына тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1999 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Жұмаділла Ақбота Мұхтарқызына тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1998 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Алиева Сурат Ламияқызына тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 2003 жылы туылған

Иса Аружан Бауыржанқызына (ЖСН 030722601177) тиесілі 20.01.2020 ж. ҰБТ тапсырып алған сертификатының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Тагаева Ғазиза Жаппаровнаға тиесілі Сарыағаш қаласы, Исмаилов көшесі, 709 участоктың №6043484 санды мемлекеттік актының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** 1999 жылы туылған, ОҚМПУ-нің 4 курс студенті Яхияева Бибігүл Маратқызына тиесілі студенттік билетінің жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЕЛ ЖҮРЕГІ - НҰР-СҰЛТАН

Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «әлем қаласы» атағын алды. Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев екенін ескерсек, осы бір ғажайып шаһар сол кісінің бастамасы арқасында, мұқалмас күш-жігерінің негізінде бой көтерді. Сондықтан да, елордамыздың Нұр-Сұлтан атануы тектен-тек емес.

Нұр-Сұлтан – ел тәуелсіздігінің айғағы, жас мемлекетіміздің тұрақтылығы мен экономикалық дамуының символы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы да парасатты саясатының нәтижесінде қысқа мерзім ішінде елордамыз Қазақстанның ғана емес, бүкіл Еуразиялық кеңістіктің саяси, экономикалық және мәдени өмірінің ошағына айналды.

Жансая АХМЕТ,

Төлеби ауданы, Әңгірата мектебінің оқушысы.

ТҮРКІСТАНДЫҚ ТҮЛЕК ҰБТ-ДАН ЖОҒАРҒЫ БАЛЛ ЖИНАДЫ

Түркістан облысы Ордабасы ауданындағы Теспе жалпы орта мектебінің оқушысы Әбдіманап Абзал Ұлттық бірыңғай тестілеуден 138 балл жинап, үлкен жетістікке жетіп отыр. Бұл бүгінде Республика бойынша ең жоғарғы көрсеткіш.

Биылғы мектеп бітірушілердің ҰБТ тапсыру мерзімі 2020 жылдың 20 маусым мен 5 шілде аралығына белгіленген. Тестілеуді өткізуге дайындық жасау шаралары әрбір өңірде қатаң бақыланып, пандемияға қарсы шаралар бойынша талапкерлердің қауіпсіздігі басты назарда. Түркістан облысы бойынша 21-28 маусым аралығында ҰБТ процедурасына 14681 талапкер қатысуға өтініш білдіріп, 13821-і қатысқан. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының орынбасары Қ.Шербаев мәлімдеді.

«ҰБТ өткізудің қатаң талаптары негізінде 201 талапкерден емтиханға тыйым салынған заттар анықталып, тестке кіргізілмеген. Сондай-ақ, тыйым салынған заттарды қолданғаны

және тестілеу ережелерін бұзғаны үшін 119 түлек аудиториядан шығарылып, тестілеу нәтижелері жойылды. Барлығы 320 талапкер тестілеуден шеттетілді. Тестілеуге кіргізу барысында талапкерлерден жоғары температура анықталмаған. ҰБТ кезінде жұмыстары жойылған, тестілеуден шығарылған талапкерлермен педагог-психологтар арнайы жұмыстар жүргізуде», - деді Қ. Қайыпбекұлы. Биыл ҰБТ өткізудегі басты ескеретін жағдай, аудиториялардағы тестілеу барысы бейне-трансляция арқылы тікелей жүргізіліп, оны кез-келген ата-ана көре алады. ҰБТ өткізу барысында пункттердің жұмыстары басты назарға алынып, ондағы қатаң талаптардың орындалуы бақылауға алынған.

«Талапкерлер өздеріне зиян келтірмеу үшін мүмкіндігінше тыйым салынған заттарды үйде қалдыру керек. Сонымен қатар, биылғы пандемияға қарсы әр аудиториядағы бала саны азайтылғандықтан тестілеу шілде айының 5-і жұлдызына дейін созылады», - деді Департамент басшысының орынбасары.

«Айғақ»-ақпарат.

Республикалық «Айғақ» газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы «Республикалық спорт колледжі» директоры Тшанов Аamalбек Қозыбақылына ағасы

Өмірбек Қозыбақовтың қайтыс болуына байланысты қайғыра көңіл айтады.

Республикалық «Айғақ» газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы белгілі қаламгер, Қазақстан Республикасы Жазушылар Одағының мүшесі, Созақ ауданының Құрметті азаматы

Жарылқасын Боранбаевтың қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына, бауырларына қайғыра көңіл айтады.

Республикалық «Айғақ» газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», Түркістан облысының және Жетісай ауданының Құрметті азаматы

Ұмбетаев Ибадулланың қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына, бауырларына қайғыра көңіл айтады.

Республикалық «Айғақ» газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы әріптесіміз - «Айғақ» телеарнасының журналисі Орынбасар Әйгерімнің **атасының** қайтыс болуына байланысты қайғыра көңіл айтады.

Республикалық «Айғақ» газетінің ұжымы «Ұстаз нұры»-Информ газетінің Бас редакторы, Түркістан облыстық ата-аналар Кеңесінің Төрағасы, Шымкент қаласының Құрметті азаматы

Әнуарбек Бейсенің қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстарына, бауырларына қайғыра көңіл айтады.

Республикалық «Айғақ» газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Түркістан облысы КГУ «Қоғамдық келісім»-Қазақстан халқы Ассамблеясы жетекшісі Жангазиева Эльмира Ұласбекқызына әкесі

Ұласбектің қайтыс болуына байланысты қайғыра көңіл айтады.

Республикалық «Айғақ» газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы әріптесіміз - «Айғақ» телеарнасының редакторы Қарабай Ақнұрдың

әжесінің қайтыс болуына байланысты қайғыра көңіл айтады.

